

Байғанин ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2025 жылғы 7 қарашадағы № 324 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Байғанин ауданы бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Байғанин аудандық
мәслихатының төрағасы*

М. Сержан